


САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Дүниетану
Мұғалім	Абдрахманова Бактыгул Амангелдиевна
Мектеп, сынып	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы, 3-сынып
Сабақ тақырыбы	Бұлт. Жауын-шашын






www.bilimland.kz





Сабақтың мақсаты:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жауын-шашын түрлері және оның қалай пайда болатынын түсіндіру; 2. Мәтінді түсініп оқып, ойын жеткізе білуге дағдыландыру.
Міндеті:	<ul style="list-style-type: none"> – Бұлт пен жауын-шашын туралы түсінік беру. – Оқылым, жазылым, ойлау, есте сақтау дағдыларын дамыту, – Өз ойын еркін айтып, сөйлей білуге ықпал ету.
Күтілетін нәтиже:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жауын-шашын түрлерін біледі және оның қалай пайда болатыны жөнінде ақпарат алады. 2. Мәтінді оқып, мазмұнын өз сөзімен баяндап беру қабілетін жетілдіреді.
Керекті жабдықтар:	Қ. Аймағамбетова, Н.А. Ким, Г.Д. Мырзақанова, Т.Г. Напалкова “Дүниетану” оқулығы. 3-сынып, 2015. «Алматыкітап». Интерактивті тақта, компьютер, планшет, топтамалар, дидактикалық материалдар, қима қағаздар.
Оқытуға қажетті сілтемелер мен сайттар:	<p>http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi</p>  <p>http://imektep.kz/aua-rayi</p>
Сабақтың формасы:	Топтық, жұптық, жаппай
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Сұрақ-жауап, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, жеке, жұптық, топтық жұмыс.

Тапсырмалар:	Кеңейтілген: А, Б, С деңгейлік тапсырмалары; iMektep.kz ресурсы тапсырмалары.
Бағалау:	Фигуралар арқылы өзін-өзі бағалау, суммативті бағалау. Кері байланыс “Сандықша, ет тартқыш, қоқыш жәшігі”

САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе Психологиялық дайындық “Мен 10 заттың атауын білемін” жаттығуы	1) Бұл топтық ойын. Оқушыларға шеңбер жасатып тұрғызу.	Допты шеңбер бойынша бір-біріне бере отырып, әр оқушы бір сөзден айтады: “Мен 10 өзеннің атауын білемін: Жайық – бір, Шаған – екі, Есіл – үш” деп ары қарай жалғастырады. Жалғастыра алмаған оқушы ойыннан шығады.
Тұсаукесер Үй тапсырмасын тексеру “Стикермен диалог” әдісі “Жауын-шашын құбылысын суреттер арқылы топқа бөлу” әдісі «Болжау» әдісі	2) Бір оқушы сұрағын оқиды, екінші оқушы жауабын табады. Оқушылар алдарындағы фигуралар арқылы өздерін сабақ бойы бағалап отырады. Сабақ соңында есебі шығарылып бағаланады.   	<ul style="list-style-type: none"> - Өзен,көл,теңіз, мұхит – бұл - Табиғи су қоймалары. - Өзеннің төменге қарай қозғалысы... - Өзеннің ағысы дегеніміз... - Өзен ағып жатқан жер.... - ол арна деп аталады. - Өзенге басқа өзеннің келіп құюы... - Олардың салалары болып табылады, ... - Өзеннің басқа су қоймасына құятын жері... - сағасы деп аталады. - Жерасты сулары... - Жердің терең бос қабатында, жарықтарында кездесетін сулар. - Су өтпейтін қабат неден тұрады... - Ол саз, граниттен тұрады. - Бастау... - Су жол тауып, бұлақ түрінде сыртқа шығады. - Артезиан құдығы...
	3) Оқушыларға (қар, бұршақ, жаңбыр, бұлт) суреттерін үлестіріп беру. - Бұл суреттер туралы не айтуға болады? - Бүгінгі сабақпен байланысы бар ма? - Бүгінгі сабағымыз не туралы болмақ? - Бүгінгі сабақтан не күтесіздер? Сабақтың тақырыбы: «Бұлт. Жауын-шашын».	

	<p>Ендеше табыс критерийін анықтап алайық.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жауын-шашын түрлерін оқып білу; - Қалай пайда болатыны туралы фильмдер көру, түсіну; - Өз білімімізді ортаға сала отырып, күн райы туралы білімімізді толықтырамыз, сынап көреміз. - Өз-өзімізді бағалаймыз. 	<ul style="list-style-type: none"> - Су құбыр арқылы сыртқа шығады. <p>Қар, бұршақ, жаңбыр, бұлт суреттері арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>Оқушылар өз болжауларын айта отырып, жаңа сабақ тақырыбын табады.</p>
<p>Негізгі бөлім Мағынаны тану www.iMektep.kz Фильмдерін көру.</p> <p>Ойын ресурстары</p> <p>Оқулықпен жұмыс</p> <p>Бекіту “Бірге ойлаймыз” әдісі</p>	<p>Мағынаны тану</p> <p>4) iMektep.kz “Судың айналымы” http://imektep.kz/tabigattagi-su-aynalimi және “Ауа райы” фильмін http://imektep.kz/aua-rayi көрсету.</p> <p>5) Ойын ресурстарын пайдалану «Артығын алып тастау» ойыны арқылы білімдерін пысықтайды.</p> <p>Презентациямен жұмыс, бұлт түрлерін көрсету. Бұлттардың түрлері: шарбы бұлттар – 10 км биіктікте кездеседі, шарбы немесе қауырсын тәріздес бұдақ бұлттар — 1-2 км биіктікте пайда болады, жеке қалың бұлттар қатпарлы бұлттар – 1 км-ден аз биіктікте пайда болады, бір беткей бұлтты тұман құрайды, жаңбыр бұлттары немесе қарабұлт 2,5 км биіктікте болады.</p> <p>Сөздікпен жұмыс. “Дұрыс-Бұрыс” сұрағы</p>	<p>«Судың айналымы», «Ауа райы» фильмін көреді. - фильм туралы әңгімелейді.</p> <p>Ойын: «Артығын алып тастау» Ойын шарты: қисын бойынша артығын тауып, жауаптар қорабына салу.</p> <p>4-топ бөліп оқып, әр топ мазмұнын айтады. Өздеріне берілген бөлік бойынша топ болып, түсінгендерін толықтырып қорғап шығады.</p> <p>Сөздік Метеорологиялық станция, метеоролог, жер серігі.</p> <p>“Бірге ойлаймыз” әдісі; “Дұрыс-Бұрыс” сұрағына жауап беру.</p>

<p>Қорытынды</p> <p>Бағалау “Өз-өзін бағалау” әдісі</p> <p>Рефлексия “Сандықша, еттартқыш, қоқыш жәшігі”</p> <p>Үйге тапсырма</p>	<p>Ендеше жұлдыз саны қанша?</p>  <p>Жинағандарыңды санап бағаға айналдырамыз.</p> <p>Бүгінгі табыс критерийі қолжетімді болды ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жауын-шашын түрлерін оқып білдік; - Қалай пайда болатынын фильмдерден көріп, түсіндік; -Өз білімдерімізді ортаға сала отырып, күн райы туралы білімімізді толықтырдық, білімімізді сынап көрдік және өз-өзімізді бағалап үйрендік. Нені білдік? Мұны сандықшаға саламыз. - Ал бүгінгі сабаққа қатысты материалды толықтыруым қажет дегендер болса, еттартқышқа салыңыздар. - Сабаққа қажеті жоқ, артық дүние болса, қоқыс жәшігіне саламыз. <p>Бірақ “Бұлт. Жауын-шашын” туралы алған білімдеріңізге толық қанағаттандыңыздар ма?</p> <p>Үйге тапсырма: Оқулықтың 54-57 бет аралығын оқу. Тақырыпқа қатысты сұрақтар дайындау.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау Оқушылар сабақ бойына жинаған фигураларын санап, ортақ “5”, “4”, “3-ке” айналдырады.</p> <p>Кері байланыс “Сандықша, еттартқыш, қоқыш жәшігі”</p>   
---	--	---